

# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№22 (091) ЖҰМА

28 маусым 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• 28-МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

## ҰЛЫТАУ «ULAR» СЫЙЛЫҒЫН ТАБЫСТАДЫ

Мереке иелерін Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Ұлантай Үсенов, Ұлытау облысы мәслихатының төрағасы Бауыржан Шыңғысов, мекеме, ұйым басшылары құттықтады.

Қазақстан Журналистер одағының «Алтын медалімен» Ұлытау облысы Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Қуанышбек Сырымбекұлы Досжанов марапатталды.

«Ақпарат саласының үздігі», «Егемен Қазақстан» газетінің Ұлытау облысы бойынша меншікті тілшісі Абдолла Байділдаұлы Дастанов Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның құрметті журналисі» атағына ие болды.

«Ular» сыйлығының номинацияларымен келесідей қызметкерлер марапатталды:

«Мамандыққа адалдығы үшін» - Одицова Валентина Васильевна, «Жезқазғанский ветсник» газетінің тілшісі;

«Шаңырақ» номинациясы - Төлегенова Алтынгүл Мәжікенқызы, «Aqshat» телеарнасының бас редакторы;

«Жылдың үздік шығармашылық жұмысы» - Үмбетова Базаркүл Сейітжанқызы, «Ulytau» телеарнасының креативті директоры;

«Экономикалық тақырыпты үздік жариялағаны үшін» - Наурызбаева Меруерт Тұяққызы;

«Өзекті мәселелерді үздік жариялағаны үшін» – Высоцкая Юлия Константиновна «Подробности» газетінің тілшісі;

«Әлеуметтік тақырыпты үздік жариялағаны үшін» - «Жаңаарқа» газетінің ұжымы;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпты үздік жариялағаны үшін» - «Шарайна» газетінің ұжымы;

«Белсенді өмірі үшін позиция» - Қуанышова Гүлім Маратқызы, «Ulytau» телеарнасының бас редакторы;

«Ауыл тақырыбын үздік жариялағаны үшін» - Оспан Альмира Мақсұтқызы, «Ulytau» газетінің бас редакторы;

«Өндіріс тақырыбын үздік жариялағаны үшін» – Бағдат Айтөреұлы Қазкенов, «Мысты өңір» газетінің аға тілшісі;

«Мәнер мен атқарымдылық үшін» - Айгүл Сағынтайқызы Байпелова, «Қазыналы өңір» газетінің техникалық редакторы;

«Объектив шебері» – Нұрбол Әментұлы Үздікбаев, «Хабар» телеарнасының Жезқазған қаласы корпусының телеоператоры.

Барлық үміткерлерге 500 мың теңгеден табыс етілді.

«Ұлытау облысының журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін» арнайы сыйлығы мен 1 млн.теңге көлеміндегі сертификат журналист Амандық Рахұлына табысталды.

Үздік БАҚ қызметкерлері Ұлытау облысының Құрмет грамоталарымен, өңір басшысының, сондай-ақ бірқатар мекемелер мен ұйымдардың алғыс хаттарымен марапатталды.

Өз тілшімізден.

*Жезқазғанда бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне берілетін жыл сайынғы Ұлытау облысы әкімінің «Ular» сыйлығын тапсыру салтанатты рәсімі өтті.*



## АҚШ ЕЛШІСІ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

**Ұлытау облысы Кәсіпкерлер палатасында АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дэниел Роземблуммен кездесу өтті.**

Кездесу барысында тараптар даму және ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Ұлытау облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Гүлмира Қаженова палатаның қызметі мен Іскер әйелдер кеңесінің жұмысына жан-жақты тоқталды. Дэниел Роземблумды өңірдегі әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы мен іскер әйелдерді толғандыратын мәселелер қызықтырды. Іскер әйелдер кеңесінің мүшелері Сауле Шауенова, Лариса Булавская, Гульнара Загитова, Орынкуль Садвакасова, Шолпан Жангаскинова кездесуде өз қызметтеріне тоқталып, өңірге инвестицияны тарту, халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажеттігін айтты.

Іскер әйелдердің жұмыс бағыттары алуан түрлі: жеңіл өнеркәсіп, полиграфиялық қызмет, спорт және дене шынықтыру, коучинг, тәлімгерлік және т.б. Бүгінгі таңда әйелдер кәсіпкерлігі Республиканың дамуында маңызды рөл атқарады. Әйел кәсіпкерлер

көптеген салаларда ерлерден кем түспейтін жетекші орындарды иеленуде. Мамандардың айтуынша, Қазақстандағы ШОБ субъектілерінің 42 пайызы әйелдер бизнесі болса, Ұлытау өңірінде – 58 пайыз.

Іскер әйелдер кеңесінің мүшелері «Іскерлік байланыстар» бағдарламасы бойынша Германия, Франция және Жапониямен ынтымақтасады. Әйелдер бизнесін тұрақты дамыту және қолдау қорымен белсенді жұмыс жүргізілуде. Биылғы жылы Қазақстан Түркі елдерінің Сауда-өнеркәсіп палаталары одағы жанындағы Кәсіпкер әйелдер комитетін Қазақстан Республикасы әйелдер одағының төрағасы Ләззат Рамазанова басқарды. Ұлытау облысы Кәсіпкерлер палатасының жанынан Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы жұмыс істейді, бизнесті жүргізу бойынша кеңестер береді, халықаралық жобаларға қатысуға көмек көрсетеді, бизнес жобаларды қолдау бойынша жұмыс істейді.



Әйелдер одағы мүшелерінің пікірінше, осы және басқа да бағдарламалар Қазақстандағы әйелдер бизнесін қолдауға және ынталандыруға мүмкіндік береді. Кездесу соңында та-

раптар ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруға сенім білдіріп, естелік сыйлықтармен алмасты.

**С. ӘБИШЕВА.**

## ТАЗАЛЫҚ ДҮЙСЕНБІДЕН БАСТАЛДЫ

**«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында бұған шейін делденеше ауқымды шаралар ұйымдастырған Ұлытау облысында маусымның соңғы дүйсенбісі барлық қала, аудандарда тазалық акцияларының өтуімен ерекшеленді.**



Акцияға барлығы өңір бойынша 2 мыңнан аса азамат атсалысып, 138 әлеуметтік нысан мен 13 өнеркәсіп, жеке кәсіп аумағы қоқыстан тазартылды. Бұдан бөлек, тазалау жұмыстары 61 мәдени-тарихи ескерткіштің айналасында да жүргізілді. Облыс бойынша 158 тонна қоқыс және тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылды. Барлығы 245 ұжым қатысқан тазалық іс-шарасында облыстың 76 гектар аумағы қамтылды.

Тазалық шараларына «Жасыл ел» еңбек жасақтары айрықша белсенділікпен атсалысты. Экологиялық іс-шараларға қаты-

сушылар арасында сондай-ақ, жергілікті билік, қоғамдық ұйымдар, студенттер, белсенділер және қарапайым тұрғындар да болды.

Акция әрбір қала, ауданда өзіндік сипатымен өтті. Айталық, Жезқазған қаласында қала тұрғындары мен еңбек ұжымдары негізгі көшелер мен саябақ, скверлерді тазартып, жасыл желектерге күтім жасап, гүлзарларды ретке келтірсе, Кеншілер қаласы саналатын Сәтбаевта негізінен еңбек ұжымдары өндірістік мекемелердің аумағын тазалап, сырлау, әктеу жұмыстарын атқарды.

-Сәтбаев қаласы бұрын тазала-

лығымен ерекшеленіп тұратын. Кейінгі кезде сол тәртібіміз сәл босаңсып кеткендей болған еді. «Таза Қазақстан» акциясы арқасында қалада ұмытыла бастаған «таза бейсенбі», «сенбілік» тәрізді дәстүрлеріміз қайта жанданды. Бұл шараларға жастардың белсенді қатысуы өте сүйнішті - дейді «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС «Жастар болашақ» ұйымының төрағасы Луиза Минбаева.

Қаражал қаласының тұрғындары бұл күні өз аулаларын тазалап, рұқсат етілмеген орындарға төгілген қоқыстарды арнайы полигонға шығарды.

Облыстың Жаңаарқа, Ұлытау аудандарындағы тазалық акциялары өзен, көл мен бұлақтардың айналасын ретке келтіруге бағытталды. Соның нәтижесінде, Ұлытау ауданы территориясындағы «Күмісбұлақ», «Тасбұлақ» бұлақтарының көзі ашылып, айналасы тазартылып, келушілерге қолайлы жағдай туғызу мақсатында абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Ал, жаңаарқалықтар болса, Сарысу өзенінің бойын қоқыстан тазалап, жағажайларды ретке келтірді.

Тазалық акциялары аясында облыстың қала мен аудандарындағы әкімдіктердің жауапты мамандары жергілікті аумақтардағы көшелерді аралап санитарлық тазалықты тексерді. Байқалған кемшіліктерді жедел жою жөнінде тапсырма берілді.

**А.НҰРТАУҰЛЫ**

## ЖАҢААРҚАДА АСФАЛЬТ ЗАУЫТЫ БАР

**Кәсіпкер Серік Базарбеков әуелде шағын асфальт зауытын іске қосқан еді. Ол биыл бұл шағын өндірісін жаңа жабдықтармен жетілдіріп, қуатты асфальт-бетон зауытына айналдырды.**

Қазір толық қуатында жұмыс істейтін зауыт сағатына 130 тонна, жылына 60-70 мың тонна өнім бере алады. Сонымен қатар мұнда жол құрылысы үшін қиыршық тас өндіретін қондырғы да жұмыс істейді. Зауытта 20 адам еңбек етеді. Кәсіпорынның өнімдері өзіміздің облыспен қатар, Қарағанды облысының сұранысын өтеуге де бағытталуда. Қаражал-Атасу автожолының құрылысын жүргізіп жатқан «Арқа Құрылыс» ЖШС Жаңаарқа кентіндегі осы зауыттың асфальт өнімдерін пайдалануда.

**Ныгман РАХЫМ**



## ЖОЛДАУ: ЖАҢАРУ ЖОЛДАРЫ

БЕРЕКЕЛІ  
ТІРЛІККЕ БАСТАУ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылдың 1 қыркүйегінде жариялаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты халыққа кезекті Жолдауын өзін дәл осылайша бағалаймын. Өйткені, Жолдауда оның тақырыбынан көрініп тұрғанындай-ақ, еліміздегі жаңа экономикалық саясат қай бағытта өрбиді, халықтың әл-ауқатын көтерудің жолдары қандай, қайтсек жаңа экономикалық сапаға көтерілеміз дегендей мәселелердің нақты жауаптары бар.

Сондықтан да, мені ғана емес көпшіліктің басым бөлігін Жолдауда белгіленген жаңа мақсаттар азаматтардың әл-ауқатын арттыру мәселелерін шешуге бағытталғаны ерекше қуантқаны рас.

Жаңа бағдарламалық құжаттың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» деп аталуында да үлкен мән жатыр. Өйткені, әділетті қоғам орнату мен экономикалық өсімге қол жеткізу бір-бірін толықтырып отырады. Өткен тарихи даму кезеңдерінде кеткен кемшіліктердің көпшілігі әділетсіздікке байланысты туындағанын өмір көрсетті. Сондықтан, әділеттілікке қол жеткізу, заң үстемдігін орнатуға деген талпынысымыз күн тәртібінен түспегені дұрыс. Бұл реттегі кейбір оң нышандар қоғамда қазірдің өзінде-ақ сезіле бастады.

Әрине, Жолдаудағы басты назар жоғарыда айтып өткенімдей, елдегі нақты экономикалық өсімге бағытталған. Осы мақсатта орта бизнесті дамыту, берік индустриялық негіз құру, экспортты ынталандыру, макроэкономикалық саясатты қайта жүктеу және т.б. міндеттер дәйекті түрде шешілетін болады.

Өскелең ұрпақ пен еңбек адамына да ерекше назар аударылды.



Қазақстандық балалар үшін бірнеше бағыттар әзірленетін болады - бұл білім сапасын арттыру, «Келешек» Бірыңғай ерікті қаржыландырылатын жүйесін енгізу және т.б. Ал 2023 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы аясындағы жұмыс ауыр өнеркәсіп салаларында жұмыс істейтін азаматтардың еңбек құқықтарын жақсырақ

сақтауға мүмкіндік береді. Бұл әрқайсымыз үшін маңызды. Сонымен қатар, көптеген прогрессивті міндеттер бар, олр ең алдымен, су және энергия үнемдейтін технологиялар саласында және жаңартылатын энергия жобаларын жүзеге асыруда. Біз болашағымызға батылдықпен қараймыз, ысырапшылдыққа, табиғи ресурстарды ұқыпсыз тұтынуға орын жоқ, оны балаларымыз, немерелеріміз, шөберелеріміз үшін сақтауымыз керек.

Мемлекет басшысының Жолдауының кейбір тұстарына ғана қысқаша тоқталып өттім. «...Бізде болашақтың айқын бейнесі бар: біз Әділ Қазақстан - тең мүмкіндіктер және прогресстер елін құрып жатырмыз». Президенттің Жолдауда осындай мәлімдеме жасауы біздің бәрімізден қолдауды қажет ететіндігін де түсіне білгеніміз абзал. Өйткені, ел - бәрімізге ортақ. Елдің бүгін мен ертеңі үшін баршамыз да жауаптымыз. Бәріміз жұдырықтай жұмылғанда ғана берекеміз артады, табысымыз молаяды, жағдайымыз жақсара түседі. Осыны әркімнің түсіне білуі керек.

**Сандуғаш ЖАКУПОВА,**  
**Сәтбаев қалалық**  
**мәслихатының депутаты.**

ТҰРАҚТЫ  
ДАМУ –  
БАСТЫ  
МІНДЕТ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Ұлытау облыстық филиалы Ұлытау облысының денсаулық басқармасымен бірлесіп, Қор жеткізушілерімен кездесті.

Облыстық көпбейінді аурухана базасында өткен кездесуде 2023 жылдың қорытындысы бойынша медициналық ұйымдардың рейтингісі шығарылды.

Емханаларға тіркелген халықтың ішіндегі мәртебесі жоқтардың саны, пациенттердің шағымы мен өтініштері, медициналық қызмет көрсетудегі ақаулар, есептегі пациенттерді диспансерлік бақылау, дәрі-дәрмекпен қамтамамыз ету және басқа да басым бағыттар бойынша шығарылған қорытындыны филиал директоры Алия Байтокова мен бөлім басшылары таныстырды. Жұмыс барысында жіберілген олқылықтар талқыланып, медициналық ұйым басшыларына нақты міндеттер жүктелді. Атап айтқанда, қазір мекемелер алдында медициналық қызметтің сапасын мен қолжетімділігін арттыру, шағымдарды азайту, қаржыны дұрыс жоспарлау межесі тұр.

(Өз тілшіміз)

## ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАР!

2024 жылғы 29 шілде сағат 11.00-де Сәтбаев қаласы, Ұлытау көшесі 93 мекен-жайында орналасқан «Сәтбаев жылумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС мәжіліс залында, аз қуатты табиғи монополия субъектісі ретінде Жезді кенті үшін магистральдық құбырлар арқылы су беру қызметіне уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын индекстеу деңгейінен жоғары емес, тарифті индекстеу әдісін қолдана отырып, тарифті бекітуге арналған өтінімді қарау бойынша жария тыңдаулар өтеді.

Сонымен қатар, Facebook әлеуметтік желісі арқылы ТОО СПТВС ресми аккаунтынан онлайн трансляция режимінде өтеді.

**«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорны»  
ЖШС өкімшілігі.**

## ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАР!

2024 жылғы 29 шілде сағат 10:00-де Сәтбаев қаласы, Ұлытау көшесі 93 мекен-жайында орналасқан «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС мәжіліс залында төмендегі реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша 2024 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп беру үшін жария тыңдаулар өтеді:

- жылу энергиясын беру, бөлу және онымен жабдықтау;
- суды таратушы желілер арқылы беру;
- сарқынды суларды бұру және тазалау;
- Жезді кентіне суды магистральдық құбырлар арқылы беру.

**«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорны»  
ЖШС өкімшілігі.**

## УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ!

29 июля 2024 года, в 11.00 часов в зале заседания ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения», расположенного по адресу: г. Сатпаев, ул. Улытауская 93 состоится публичные слушания по рассмотрению заявки на утверждение тарифа с применением метода индексации тарифа не выше уровня индексации, определяемого ведомством уполномоченного органа на услуги подачи воды по магистральным трубопроводам для поселка Жезды в качестве субъекта естественной монополии малой мощности.

Дополнительно в режиме онлайн трансляции посредством социальной сети Facebook с официального аккаунта ТОО СПТВС.

**Администрация ТОО «Сатпаевское  
предприятие тепловодоснабжения».**

## УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ!

29 июля 2024 года в 10.00 часов по адресу: г.Сатпаев, ул. Улытауская 93, в зале заседания ТОО «СПТВС» состоится публичные слушания по проведению отчета об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы перед потребителями и иными заинтересованными лицами за 1 полугодие 2024 года по следующим видам регулируемых услуг ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения»:

- передача, распределение и снабжение тепловой энергией;
- подача воды по распределительным сетям;
- отвод и очистка сточных вод;
- подача воды по магистральным трубопроводам для п.Жезды.

**Администрация ТОО «Сатпаевское  
предприятие тепловодоснабжения».**

## ► СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Ұлтымыздың жарқын болашағына жанын тігіп, 28 жасында Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы (Совнарком) болып, мемлекетіміздің іргетасын қалап, көшін бастаған қоғам қайраткері ақын, жазушы, публицист Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толады. Жер бетінде небәрі 44 жыл жасап, күреспен өткен ғұмыры қыршыннан қиылған асыл ердің ғұмыр-дастанының 1922-1924 жылдар аралығындағы Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы қызметіне қатысты құжаттарды зерттеп, «Сәкен Сейфуллин Председатель Совета народных комиссаров Казахстана (г.Оренбург, 1922-1924гг.) атты еңбек жазған тарих ғылымдарының докторы, профессор, Сәкен атындағы музей директоры Марат Әбсеметовтен «Қызыл сұңқардың» нысаналы екі жылға қатысты қайраткерлік дерегін сұрап, жауабына қаныққан едік.

# ҮЛГІЛІ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ ҰЛДАРЫН АЛАЛАМАЙДЫ



– «Совнарком» Сәкеннің бір күні жылдардың жүгін артқан қым-қуыт замандағы, құжаттармен хатталған екі жылдық қайраткерлігін бағаласақ, оның ірі мемлекетшіл тұлға, реформатор болғанын білдіреді.

Сәкен бұл қызметке келгенде жанына мықты деген алаш азаматтарын жинады. Партия басшыларымен айттыса жүріп Үкіметтің құрамын бекітті. Аласапыран заманда «Қазақтың болашағы не болады?», «Ұлтым» деп соққан Сәкеннің жүрегі мемлекеттің басына қазақтың біртуар азаматтарына сенім артып, тәуекел етті. Ағарту саласында ұлт ұстазы, бұрынғы Алаштың көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов, заң саласында кәсіби заңгер Ахмет Бірімжанов – Алашорданың әділет министрі болған, Ресей империясының І-ші және ІІ-ші Мемлекеттік Думасының депутаты, атақты тархан Шақшақ Жәнібек батырдың ұрпағы, промбюро – Әлімхан Ермеков, атақты Мәжит Шомбалов денсаулық саласын, мемлекеттік жоспарды Смағұл Садуақасов, сот жағында Нығмет Нұрмақов болды. Алаш Орданың батыс аймағының басшыларының бірі, бұрынғы ақ офицері Есенғали Қасабулатов қаржы жағын ұстады.

Демек, сын сағатта ел болашағын ойлайтын азаматтарды жұмылдыра білді. Сәкеннің өзі жазғанындай, «аққа да қызылға да ортақ, байға да кедейге де бөлмейтін қазақтың – Ақаңы» деген сөзі, айналасында жиналған азаматтарды таңдаудағы басты қағидасы болса керек. Қай-қайсысын алып қарасаңыз да осы үкіметтегі он бес адамның бәрі қазақтың бір туар перзенттері.

– Ахаңның 50 жылдық мерейтойы Сәкен тұсында аталып өтті ғой.

– Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының Сәкеннің дүниетанымына үлкен әсері

болғаны сөзсіз. Оның 50 жылдық мерейтойын өткізуге арнайы Қаулы шығарып, жауапты тұлғаның өзі болғанын растайтын құжат бар. Одан басқа Ақаңның алғашқы мерейтойына байланысты «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды» деген тақырыппен «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1923 жылғы 2 ақпан күнгі 64-санына «Шәміл Манап» деген бүркеншік атпен жазушы Сәкен Сейфуллиннің мақаласы жарық көреді. Ақаңның өміржолының қысқаша шолуын «Халыққа өзінше қызмет қылған адам кәміл тоқтайтын кісілік жасына толғанда, сол кісінің бастан-аяқ халыққа істеген қызметтерінің қандай екенін баяндап өту әр үлгілі халықтың әдеті» деп бастайды.

– Сәкенге тағылған айып, «байтұрсыновшыл» дегеннен шықты ғой.

–Бұл әңгімеге соңынан тоқталамыз. Алдымен қазіргі Қазақ мемлекетігінің алтын бесігі болған Орынбор қаласы туралы айталық. Оны арғы тарихы туралы зерттеуімде жаздым. XX ғасырдың басында Орынбор қазақ ұлтының нарқасқаларының басын қосқан жер деуге болады. Қазақтың белгілі алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов жалпы ұлттық «Қазақ» газетін жарыққа шығарып, сол арқылы отаршыл елдің астамсыған пиғылынан туындаған атауды жоққа шығарып, «қазақ» есімін қайтарады. Бұл Қазан төңкерісінен кейін ақтар мен қызылдар бір жақты болып, большевиктер билікке жетіп, тұғыр тағын мықтай бастаған кезі.

1920 жылы 26 тамызда БОАК пен РКФСР ХКК-нің «Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Социалистік Кеңестік Республикасын құру туралы» декреті қабылданды. Оның негізінде 1920 жылы 4-12 қазан аралығында Орынбор қаласында өткен ҚАКСР Кеңестерінің

Құрылтай съезінде Қазақ Республикасының құрылғаны жарияланды. Бұл Қазақ АССР қазақ халқының тарихынағы алғашқы ұлттық мемлекет болып саналады.

Осындай ұлы оқиғалардың толқынысында елдің бетке ұстар азаматтары 1920 жылы 2 қазанда жиналатын Құрылтайға асығады. Оған елдің барлық өңірінен 273 делегат, Алтай губерниясы қазақтарының атынан алты адам келеді. Оған қазіргі ел астанасы Ақмоладан Сәкен Сейфуллин сайланады. Сол кездегі Ақмола исполкомының төрағасы Коротков Сәкеннің қатысуына қарсы болып, телеграмм соғады. Алайда алған бетінен қайтпаған Сәкен Коротковқа жазған жазбасында: «Мы, Сейфуллин и Омаров вопреки Вашей телеграмме выехали на Всеобщий киргизский съезд. Нас заставила важность данного съезда в смысле официального объявления Киргизской Республики «Казахстан» ... Мы уверены, что самым революционным городом Казахии является г.Акмолинск, ...» деп жазады. Бұл жолдардан Сәкеннің жиыннан көп нәрсе күткенін көреміз. Осы кезеңнен бастап Сәкеннің Ақмола және Семей өңіріндегі белсенді қызметі басталады.

– Сол кезеңнің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі шекараны белгілеу болды. Осы ретте жер комиссиясының төрағасы және редакциялық коллегиясының мүшесі Сәкеннің әрекеті қандай болды?

– Сәкен бұл қызметінде батыста – Астрахань, Царицын және Самара губернияларымен, солтүстікте – Башұрт Республикасы, Челябинск, Тюмень және Омбы губернияларымен, шығыста Томск, Алтай губернияларымен және Монголиямен ал оңтүстікте Хорезм және Түркістан Республикасымен келіссөздер жүргізеді. Аталған

өлкелерден бөлек қазақтар тұрып жатқан Волга-Каспий аймағы тартысқа түседі. Одан бөлек ежелден қазақ жері Ақмола мен Семей облыстары жөнінде дау туындайды. Бұлар бұрынғы Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын Сибревком құрамында еді. Сибкрайдың ресми өкілдері барынша сылтауратып екі өңірдің Қазақстанға берілуін соза түседі. КирЦИК-тің 1920 жылғы 10 желтоқсандағы президиум отырысында осы мәселені бір жақты ету үшін Мәскеуде өткен Кеңестердің VIII съезіне енгізеді. Оған арнайы осы екі облыстың жағдайын біледі деп С.Сейфуллинді жіберді. Осы жиында ол староста Калининмен сөйлесіп жағдайды баяндайды. Ежелден қазақ жері екенін дәлелдеп Сибревкоммен келіссөздер нәтижесінде қайтаруын өтінеді. 1921 жылдың 9 мамырында екі облыс Қазақстан Республикасы құрамына кіреді. Ал 1922 жылы 12 қазанда КирЦИК-тің бірінші сессиясында Сәкен бірауыздан Совнарком болып тағайындалады.

– Осы жылдары атқарған істері мен жоспарларын асыл армандарын қысқаша айтып бересіз ба?

– Сәкен басшылық еткен екі жылда нағыз Қазақ мемлекетінің қазығын нықтап, Қазақияның ұлы көшін жолға салып бергендей. Өз зерттеуімде оның еңбегін халық шаруашылығын ұйымдастырушы, халық ағарту саласындағы бастамалары, мәдениетті дамыту және баспа ісі, қорғаныс, сот жүйесі, кендік қызметтің жүзеге асыруындағы құжаттарды саралап шықтым. Орасан зор бастамалар мен жас Республиканың басты мәселелерін шешуде бір жағынан жоқшылық, бір жағынан ашаршылық қысқан қиын-қыстау заманда артына қарайлап тайсалмаған жігерлігі, оң шешіміне қол жеткізудегі іскерлігі бір төбе.

Расында да Сейфуллиннің «совнарком» жылдары ел үшін ауыр күндерден еді. Аштық, ақтар мен қызылдардың соғысы, билік ауысып халықтың әбден жаншылып, азып-тозған кезіне тап келді. Жаңа құрылған республика дамуының нақты жоспары да болмады. Сәкен және оның үкіметі замана ағысына қарсы жүзді. Мемлекет басқарудың басты бағдары ретінде алдымен қаржылық жүйені қолға алады. Салық және салық салу мәселесінде бірыңғай салық төлеу түріне өтіп, бұрындары болған халыққа қолайсыз салықтарды жояды. Қазыналық, банк және жинақтау ісінде өзгерістер енгізіп қазіргі қолданылып келе жатқан тәжірибедегідей республикалық бюджет, жергілікті бюджет деп бөліп, оны реттеу жолдары шешіледі. Аштыққа қарсы күресте ақшалай-заттық лоторея ұйымдастырып оны таратып, Қазақстанның Жинақтаушы жүйесінің негізін қалады. Ауыл шаруашылығын дамытуда алғашқы Жер Кодексі қабылданды. Кодексте қазақ даласына қатысты патшалық отарлық саясатының салдарын жойды. Жайылым егістік алқабын көбейтіп, алғаш рет шаруаларға пайызсыз несиелер мен қарыз бөлінді. Кооперация мен сауда күн тәртібінен түспеді. Азамат соғысы кезінде тарап кеткен Қоянды жәрмеңкесін қалпына келтіру керектігі алғаш рет осы үкімет кезінде айтылды. Содан бастап бастап Қоянды тек қана алыс-беріс сауда орыны емес, ән мен күйдің, күш сынасқан балуандардың жалпы қазақ мәдениетінің орталығына айналды.

– **«Қазақ кедейлеріне фабрик керек» деген қазақ өнеркәсібінің құлдырауына байланысты осы кезеңде жазылды ғой.**

– Иә, онда: «...Қазақстанның қирап, бүлініп жатқан зауыттарын жүргізуге шындап кірісіп, жүргізіп жіберу керек. Қазақстанның әр жерлерінде фабрик салу керек. Ең алдымен жүн-жұрқадан, қыл-қыбырдан түрлі шұға, түрлі мата істеп шығаратын, өзінде мың жарым, екі мыңдай жұмыскерлер істейтін, мата тоқитын фабрик салу керек. Ол фабрик ұсталықтың ең барып тұрған соңғы өрнегімен салынатын болып (по последнему слову техники), одан тоқылтып шығатын шұғалар, маталар Петербуртта, Мәскеуде шығатын маталардан артық болмаса кем болмайтын болсын. Фабрик қазақтың әлі де болса жүн-жұрқаға, қыл-қыбырға барлау жерінен, темір жол, пароход, тас көмір бар жерінен салынсын» деп елдегі тірліктің әлеуетіне икемделгенін көреміз.

Сол кездегі елдің өнеркәсібі құлдырау сатысында тұрды. Төңкерістен кейін халықтың меншігіне өткен 307 кәсіпорынның 250-і жұмыс істемеген. Жезқазған, Успенск, Риддер рудниктері су басқан, Спасск кен байыту зауыты өртенген, Ембінің 147 скважинасының сегізі ғана жұмысқа жарап, темір жолдар қаңтарылып қалған. Көлік, қамсыздандыру, тіпті уақытты халықаралық уақыт стандартына ауыстырады. Осыған дейін қазақ даласында дәстүрлі мәдениет бойынша циклдік уақыт есебінде жүрген болатын. Бұл іргелі дербес мемлекетпіз деген елдің көрінісі еді. Ол туралы 1924 жылғы 7 мамырда «О окончательном введении в КССР счета времени по международной системе часовых поясов» деген декретке қол қояды.



Қазақ тілін кеңсе тілі ету де Сәкен үкіметінің бастамасымен айтылды.

Оның тікелей қолдауымен биыл 150 жыл толғалы отырған А. Затаевичтің Қазақ халқының 1000 Өні жарық көргені баршаңызға мәлім. Бұл жинақта Сәкеннің өзі орындап, осы жинаққа енген екі күйдің бірі Абылайхан атты әскерінің шеруі «Терісқапай» нотаға түсірілсе, екінші күй Тоқа (ру аты) Кенесары әскерінің маршы болды деп айтылады.

Діни, ғұрыптық мерекелерді атап өтуде мемлекет басшысының назарынан тыс қалған жоқ. Қызметкерлердің жалақысын сақтай отырып мұсылмандарға Құрбан айт мен Оразаның мерекелерінде демалыс күндерін беруге рұқсат етті. Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарына қаражат жинауды ұйымдастырушы да Сәкен кезінде қолға алынды.

– **Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасының қызметтен кетуінің себептерін айта аласыз ба?**

– Сәкен Сейфуллин осы қызметінде жүргеннің өзінде орталықтық отаршылдық пиғылына қарсы тұра білді. Бұл әрине мәскеулік биліктің шамына тиді. 1923 жылдың 17-22 наурызында өткен обкомның РКП (б) III конференциясында Орталық аппараттың өкілі Емельян Ярославский Сәкенге шүйлігеді. Оны партияның басты бағдарынан ауытқығанын айтады. Анығында Сәкеннің «Азия-Еуропа» деген өлеңін сынайды, ұлтшылдығын бетіне басады. Әрі қарай Сәкеннің шын



мәніндегі тар жол, тайғақ кешуі басталады. Голощекинге оның «Кіші октябрь» науқанына қарсы шыққаны үшін «Сейфуллин и сейфуллинщина» деген атпен «Казахстанская правда» газетінде жарық көрген Юсуповтың мақаласы Голощекиннің Сейфуллинге, оның тағдырына деген ауыр үкімі еді. 1929 жылы Тергеу протоколында Сәкеннің өзінен «Сейфуллинщина» деген не деп сұрайды. Оған Сәкен: «Теория жағынан күшті емеспін» деп жауап береді. Расында да қамшының сабындай қысқа ғұмырында «Қызыл сұңқар» Сәкен тек әрекет үстінде болды. Нендей мәселені қолға алса халқының асыл мұратына жеткізу үшін жанын салды.

– **Ендігі сұрағым Сәкеннің әдеттегідей шығармашылығын емес, қай-**

**раткерлігінің деректерін іздеп оны зерттеу тақырыбыңызға айналдыруыңыздың себебіне тоқталсаңыз.**

– 1991 жылы «XX ғасырдың басындағы тарихи-әдеби процесстердегі Міржақып Дулатов шығармашылығы» деген диссертация қорғадым. Міржақыптың өмірі мен шығармашылығы жайындағы монографиямның жалғасындай «Совнарком» Сәкеннің екі жылдық ғұмыры қызықтырды. Осы уақытқа дейін ақынның шығармашылығы алға шығып, қайраткерлері кем зерттелген еді, бұл еңбек соның орны толтырды деп ойлаймын.

Соңғы кезердегі Алаш ардақтыларына бір жақты пікір қалыптасып келеді. Біз бір нәрсені білуіміз керек. XX ғасыр өте күрделі кезең болды. Патша қамытынан құтылып ел боламыз деп, халықтың алдына шыққан азаматтардың ой-мақсаты бір болса да, жолдары әрқилы кейде тұйыққа тірелген кездері де болды. Бүгінгі күннің мінберінен не айтуға болады? Не айтуға қақымыз бар? дегенде Сәкеннің Ақаң тұрғысында айтқан ойы еске түседі. Елім деп жүрегі соққан алашшыл азаматтарын аққа да қызылға да, байға да кедейге де бөлмейтін қазақтың – Арда туған азаматтары деп қарауымыз керек. Бұл Сәкен айтпақшы «әр үлгілі халықтың әдеті» және белгісі де болмақ.

**Айгүл УАЙСОВА ,  
«ASTANA AQSAMY»,  
13.02.2024**



## MEMЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕНІҢ ТІЛІМ!

## ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА

**Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі - қазақ халқының ана тілі.**

Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады, атадан балаға жеткен ұлы құбылыс. Ол талай тарих сынынан өтті. Ғасырлардан – ғасырларға сүрінбей жетті. Дүние жүзіндегі ең бай, бейнелі, таза, өткір, терең, күшті кең тіл ретінде саналады. Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық игілігі болумен қатар, әлемдік тіл білімі зерттеушілерін қызықтырған көне тарихы бар, кемел тіл ретінде танылуда. Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс тіршілігінің көзі, Ата Заңымен қорғалатын, еркіндігінің үні. Оны құрметтеп, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу, Қазақстанның бақытты да парасатты, білімді де еңбекқор ұл-қыздары, біздерге ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан жеткен аманат.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ана тілі, шексіз бай, шұрайлы, тегеуріні мықты, көркем, дана, сұлу, рухани бай, Абай әрлеген, Жамбыл жырлаған, Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі!

Туған тіліңді қорғау – туған отаныңды қорғаудан да маңыздырақ. Отаныңды жау басып алса, оны ерте ме, кеш пе, әйтеуір, азат етеріңе сенесің. Ал тілің жауланса – бітті. Басқа тілге көшіп, туған тілін ұмытқан және өз ата байлығына қайта оралуға мойны жар бермейтін жалқаулар мен ұлттық рухын жоғалтып үлгерген, өзіңе түрі ғана ұқсайтын қандастарың жаудан бетер қарсыласады. Олардың үлкен бөлігінің ана тілін мойындамай, өзге тілдің мүддесін ашық түрде қолдауының арқасында ұлт жойылуға бет алады. Әлгі бейшара ұлт үшін бұған теңдес қасірет болмақ емес.

Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс тіршілігінің көзі, Ата Заңымен қорғалатын, еркіндігінің үні. Оны құрметтеп, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу, Қазақстанның бақытты да парасатты, білімді де еңбекқор ұл-қыздары, біздерге ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан жеткен аманат.



Ана тілі қанның, қиылған жанның, толқытқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек. (С.Торайғыров). Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл ортақ тіліміз екенін ұмытпағанымыз жөн болар. Қазақстанда тұратын оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтарының тілі.

Қазіргі жаңартылған бағдарлама талабына қарай үш тілдікті алға қойып отыр. Әрине, әр тілді меңгеру, әр тілде сөйлеу әркімнің арманы. Жеті түрлі ілім біл, жеті елдің тілін біл деген. Біздің мектебіміз аралас мектеп болса да мемлекеттік тілге деген құрмет өте жоғары.

**Ұлболсын АБИЛЬДИНА,**  
**№1 мектеп-лицейінің түлегі.**  
**Жаңаарқа ауданы**

## Хабарландыру

## Көзделіп отырған қызметтің әсеріне скрининг жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 55-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне стратегиялық экологиялық бағалаудың (СЭБ) - (әсер ету скринингі) 1-кезеңін жүргізу үшін мынадай құжаттар (әрі – қарай материалдар) келіп түсті:

- Ұлытау облысының Ұлытау ауданында орналасқан, Сәтбаев қаласының алаңы 388 га өнеркәсіптік аймағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасының Көзделіп отырған қызметтің әсеріне скрининг түсіндірме жазбасы  
- графикалық материалдар (сипатталатын аумақтың орналасқан жері, тірек жоспары);

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Namark project» ЖШС.

СЭБ материалдарына тапсырыс беруші: Бастамашы - «Сәтбаев қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

Скрининг нәтижелері туралы қорытындылар беретін уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Жұртшылықты (барлық мүдделі азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Сіздің пікіріңізше, Жобаны іске асыру қоршаған ортаға елеулі әсер ете ала ма және егер солай болса, онда бұл қандай әсерлер және Сіз оларды неге елеулі деп есептейсіз?

2) Сіз СЭБ-тың одан арғы кезеңдерін өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және

неліктен?

3) Сізде әзірленіп жатқан Жобаға, оның ішінде Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 28.06.2024 – 16.07.2024**

**Байланыс деректері:**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Астана қаласы, Мәңгілік Ел, 8  
Экологиялық саясат департаменті  
Тел. 8 701-847-2853; 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83  
e-mail: o.melnik@ecogeo.gov.kz;  
b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

**Ескертулер мен ұсыныстарды бағыттауға болады:**

- Экология министрлігі Кеңесінің эл.адресіне: k.kense@ecogeo.gov.kz (сіздің құжаттарыңызды Кеңседен мына телефон арқылы алғанын міндетті түрде нақтылау қажет: +7 7172 74-08-44);

- e-mail: o.melnik@ecogeo.gov.kz;  
b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

**СЭБ бойынша материалдар орналастырылған:**

Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі - «Негізгі құжаттар» бөлімі - «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Әкімшілік сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-satpaev/press?lang=kk>

## Объявление

## О проведении скрининга воздействия намечаемой деятельности

В соответствии с пунктом 6 статьи 55 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, для проведения 1 стадии стратегической экологической оценки (СЭО) - (скрининг воздействия) поступили следующие документы (далее - материалы):

- пояснительная записка Скрининг воздействия намечаемой деятельности для проекта детальной планировки промзоны площадью 388 га города Сатпаев область Улытау, расположенного в Улытауской области Улытауского района

- графические материалы (месторасположение описываемой территории, опорный план);

Разработчик материалов СЭО: ТОО «Namark project».

Заказчик материалов СЭО: Инициатор – Государственное учреждение «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства г.Сатпаев»

Уполномоченный орган за выдачу заключений о результатах скрининга: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех заинтересованных граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1) может ли, по вашему мнению, реализация Проекта оказать существенное воздействие на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) считаете ли Вы необходимым проведение дальнейших стадий СЭО?

Какая информация интересует Вас и почему?

3) имеются ли у Вас замечания и предложения к разрабатываемому Проекту, в том числе, связанные с возможными воздействиями реализации Проекта на окружающую среду и здоровье населения?

**Срок по приему замечаний и предложений: с 28.06.2024 – 16.07.2024**

**Контактные данные:**

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г. Астана, пр. Мангилик-Ел, 8

Департамент экологической политики

Тел. 8 701-847-2853; 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83

e-mail: o.melnik@ecogeo.gov.kz;  
b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

**Замечания и предложения можно направлять:**

- на эл.адрес Канцелярии Министерства экологии: k.kense@ecogeo.gov.kz (необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44);

- на e-mail: o.melnik@ecogeo.gov.kz;  
b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

**Материалы по СЭО размещены:**

на сайте Министерства экологии (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

На сайте акимата <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-satpaev/press?lang=kk>



**ОВЕН** Открывайте новую страницу своей жизни! На этой неделе вас ждут важные события, которые могут кардинально изменить ваше видение привычных вещей. Смело принимайте вызовы, но также учитесь говорить «нет» неподходящим предложениям.



**ТЕЛЕЦ** Проявите гибкость в начале недели. Вам предстоит найти баланс между личной жизнью и профессиональными обязанностями. Не бойтесь экспериментировать с новыми методами решения старых проблем. Любовный гороскоп предсказывает романтические встречи, особенно во второй половине недели.



**БЛИЗНЕЦЫ.** Эта неделя обещает быть динамичной и насыщенной новыми идеями. Ваше общение с коллегами и друзьями будет особенно продуктивным, поэтому используйте возможность для налаживания полезных контактов. В финансовой сфере возможны неожиданные прибыли.



**РАК.** Эта неделя принесет в вашу жизнь много новых возможностей для личного роста. Сосредоточьтесь на своих чувствах и не бойтесь выражать их близким. В профессиональной сфере возможны некоторые трудности, но ваша интуиция поможет найти правильные решения.



**ЛЕВ.** Начните неделю с позитива! Ваше естественное обаяние и харизма помогут привлечь новые интересные проекты и людей. Важно сохранять баланс между работой и личной жизнью, чтобы не упустить значимые моменты с семьей. В выходные рекомендуется уделить время хобби или культурному отдыху.



**ДЕВА.** Ваша внимательность к деталям будет особенно полезна на этой неделе. На работе вас ждут задачи, требующие концентрации и точности. В личных отношениях возможны недопонимания, старайтесь быть более терпеливыми и открытыми. Уделите время для самообучения или развития новых умений.




**ВЕСЫ.** Вас ожидает неделя, полная социальных событий и новых встреч. Будьте открыты к общению, так как именно сейчас вы можете встретить людей, которые окажут значительное влияние на вашу дальнейшую жизнь. В личных отношениях важно сохранять честность и открытость.




**СКОРПИОН.** Эта неделя требует от вас решительности и сосредоточенности. Ваши усилия в работе будут замечены и оценены, если вы проявите инициативу и лидерские качества. В финансовом плане возможны непредвиденные расходы, поэтому планируйте свой бюджет осторожно. В личной жизни возможно возобновление старых связей, будьте готовы к этому.



**СТРЕЛЕЦ.** На этой неделе ваш оптимизм поможет вам преодолеть любые препятствия. Ваше стремление к знаниям и исследованиям принесет плоды в профессиональной деятельности. Не упускайте возможность путешествовать, если она представится, так как это может расширить ваш кругозор и принести новые идеи.



**КОЗЕРОГ.** Пришло время для активных действий! В эту неделю ваша целеустремленность и упорство позволят завершить давние дела и начать новые. В профессиональной сфере вас ждет признание и возможно продвижение. Личные отношения потребуют внимания – не пренебрегайте близкими.



**ВОДОЛЕЙ.** Эта неделя принесет вам вдохновение для творчества и самовыражения. Ваши нестандартные идеи будут привлекать внимание окружающих, поэтому это отличное время для запуска творческих проектов или публичных выступлений. В личной жизни ожидаются интересные встречи, которые могут значительно обогатить вашу эмоциональную жизнь.



**РЫБЫ.** Неделя обещает быть спокойной, что позволит вам сосредоточиться на внутреннем развитии и самоанализе. Возможно, вам захочется погрузиться в изучение новой области или начать заниматься медитацией. В работе следует быть внимательнее к деталям – это поможет избежать ошибок.

# СКАНВОРД

|   |                         |                          |                               |                              |
|---|-------------------------|--------------------------|-------------------------------|------------------------------|
| «Корсет» для бочки                      | Сын Агамемнона          | Данайское подношение     | Стихотворение Пушкина         |                              |
| Пресноводная губка                      |                         |                          |                               |                              |
| Город-порт в Алжире                     |                         |                          | «Бумажный имидж» бизнесмена   |                              |
| Владелец годичных колец                 |                         |                          |                               |                              |
| Французская церковная музыкальная школа | «Старая» часть света    | Промысел-хобби           | Родства не помнящий           | Ведьма, вредившая Руслану    |
|   |                         |                          |                               | Блюдо оленина-вода Бельдьева |
| Татаро-турецкая крепость в Крыму        | Балет Владимира Власова | Барс из Красной книги    |                               | Единица измерения вязкости   |
|   |                         |                          | Выступающий отрезок стены     |                              |
| Американские индейцы                    |                         | Пернатый носорог         |                               |                              |
| Мера веса колбасы                       |                         |                          | Денежная единица Древней Руси | Анекдотическая история       |
|   |                         | Детская заразная болезнь | Одно из внешних чувств        |                              |
|   |                         |                          |                               | Ярмарочная публика           |
|   | Финская певица          | Паразит и кровосос       |                               | Вежливое обращение к поляку  |
|   |                         |                          |                               |                              |
|   | Небольшая книга         | Музыкальный отец Жизели  |                               |                              |

## Анекдоты, анекдоты...



\*\*\*

1980-е годы. Провинциальная газета переживает не лучшие времена. Главный редактор собрал всех журналистов на совещание и спрашивает, как исправить бедственное положение. Один из журналистов:

— А давайте я буду вести колонку, где буду подробно описывать каждый свой день! Что я поел, куда сходил, о чем думал... С фотографиями!

Главный редактор:

— Что за бред? Кому это будет интересно? Может, еще будем писать, как ты в туалет сходил?

Журналист, насупившись:

— Ничего... Придет еще мое время...

\*\*\*

Журналист берет интервью у министра финансов.

— Поступило три небольших вопроса от телезрителей. Скажите пожалуйста, вот цены в последнее время поднялись, проезд подорожал, ЖКХ опять же, льготы

отменяют — это ведь все США, Госдеп устроил?

— Правильно.

— А вот то, что зарплаты низкие, да и те порой задерживают, с пенсиями опять что-то заморозили, рубль падает — это ведь тоже дело рук США, ЦРУ, Госдепа?

— Совершенно верно, их работа.

— И напоследок. Если у нас в стране все финансовые вопросы теперь США решают, то вы-то нам на кой ляд сдались?

\*\*\*

Первый рабочий день молодого журналиста. Получил задание написать статью, включил компьютер, сидит, не знает как начать. Мимо проходит его опытный коллега, он его хватая за рукав, спрашивает: — Извините, вот я не знаю как начать, не можете?

Тот в ответ:

— Да всё просто. Пишешь: «из достоверных источников стало известно, что...», а дальше несешь всякую ерунду, которая в голову придет.

• 28-МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

# «УЛҮТАУ» АРНАСЫНДАҒЫ «ТЕЛЕБАЛАПАН»

*Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл - Балалар жылы» деп жариялады. Бұл Гүлшахира Әбілтайқызын керемет ойға жетеледі. «Неге арнайы балалар бағдарламасын ұйымдастырмасқа?» «Бағдарламаға теледидарға бейім ұл-қыздарды тартып, соларды неге тележүргізуші етпеске?». Бұл ойын теле ара басшылығы да құп алды. Сөйтіп, Балалар жылында «Телебалапан» бағдарламасының тұсауы кесілді.*

**М**ына қызықты қараңыз, бағдарлама ә дегеннен -ақ көпшілікті өзіне тарта білді. Әсіресе, балалардың қызығушылығы артты. Олар телеарнаға жиі хабарласа бастады.

Туған елінің мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін құрметтеуге баулып, зерделі әрі зерек балақандарды көрерменге таныстыру мақсатында ашылған бұл тележоба қазіргі кезде аптасына төрт рет эфирге шығады. «Телебалапан» бейнебір тасада елеусіз жатқан бұлақтың көзін ашқандай болды. Қаншама талантты, өнерлі, білімді балалар бар екен десеңізші! Олардың өздері де көбісі тележүргізушілерге айналып кетті. Бағдарламада шындалғандар қалалық, облыстық деңгейдегі түрлі кештерді жүргізе бастады. «Бұлақтың көзі ашылды» деген осы емес пе?



Тентек Жұмаділдақызы әжей Жезқазғандағы «Ақ әжелер» ансамблінде ән салады да, «Телебалапанға» келіп балаларға майын тамызып, жанын ұйытып отырып, ертегі айтып береді. Керемет!

Бағдарламада «Таңғы жаттығу» дейтін айдар бар. Балалар таңертеңгілік телернаға келіп, жаттығу жасап, түсірілімге түседі. Жарайды, Жезқазғанның балалары болса түсінікті, бір қаланың іші дейсіз ғой... Өткенде, Ұлытау ауданынан хабарласып, «Неге тек қаланың балалары ғана таңғы жаттығу жасайды?» дегендерін естігенде Гүлшахира таңданысын жасырма-

ды, оларды аудан орталығынан облыс орталығына арнайы арнайы шақыртты. Балалар келді, мәз болып кетті.

«Телебалапан» жобасының халық арасында танымалдылығының артқаны соншалық оған қатысушы балалар Жезқазған қаласындағы Халықтар Достығы мен мәдениеті үйінде лық толы 500 адамдық көрермен залында концерт берді. Мұндайды қайдан естіп едіңіз?!

Отандық телеарналардағы қазақ тіліндегі сапалы контент қалыптастыруда өзіндік қолтаңбасы бар Гүлшахира Серекбаеваның еңбегі лайықты бағалануда. Ол былтыр Ұлытау облысы әкімінің «Жылдың үздік шығармашылық



жұмысы» номинациясының жеңімпазы атанды. Ал, биыл...

«Тұмар» ұлттық телевизиялық сыйлығының биылғы номинанттарының арасында «Телебалапан» да бар.

-48 үміткердің арасынан топ жарып шыққан төртеудің бірі болып мәреге тақалуы зор мақтаныш. Бұл «Телебалапанның» мол мүмкіндігін таны-

тады, алдағы ақтық сында бәйгең алдынан көрінуге үміттіміз – дейді «УЛҮТАУ»телеарнасының басшысы Базаркүл Үмбетова.

Біз де үміттіміз. Және «Телебалапанға» әрқашан шығармашылық табыстар тілейміз!

**Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.**

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

**АЙМАҚ АҚШАМЫ**

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012      Заказ 914

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8  
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.